

ЖШС «Аида» балабақшасында 12.09.2024 ж.күні кезекті әдістемелік кеңес өтілді.Қатысқандар: 10Қатыспағандар: 0Балабақша меңгерушісі: Машенбаева Алия ҚуатбайқызыТәрбиешілер:Медбике: Нағашыбай Лаура Серікбайқызы

Тақырыбы:Педагогикалық жалпы оқыту: «Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» мәтінінде мектепке дейінгі ұйымдарда адамгершілік, патриоттық тәрбие беруді ұйымдастыру»

Мақсаты: Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.**Міндеттері:** Рухани адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу; Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу, адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқада адамдық қасиеттерді дамыту, табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.**Талқылау сұрақтары:** 1. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспары:

1. «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»
2. «Өнегелі 15 минут»
3. «Үнемдеу, табиғи ресурстарға ұқыпты қарау»
4. «Күй күмбірі»
5. «Менің Қазақстаным»
6. «Апта дәйексөзі»
7. «Қауіпсіздік ережелері»

2. Құндылықтардың айларға бөлінісі туралы

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Машенбаева Алия жаңа оқу жылымен құттықтап, табыс тіледі. Сонымен бірге алдағы жұмыс жоспарларға тоқталды.

Әдіскер Сұлтамурат Гүлшатбиылғы оқу жылымен құттықтап, биылғы оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулықпен таныстырды. Және ерекше айта кететін жайт, ұлттық құндылықтарымызды іске асыру, «Біртұтас тәрбие» мәтіні бойынша жұмыс жасау және «Даналық мектебі» жұмысын жандандыру басты мәселеге айналып отыр. Сондықтан «Әжелер мектебі» жұмысы Арықбаева Анар, «Аналар мектебі» Оспан Райхан, «Әкелер мектебі» Сүлеймен Гүлзатқа жүктелсін.

Тәрбиеші Байжігіт Тұрсынай биылғы оқу жылындағы өзгерістер, ерекшеліктер туралы айта келе, балалармен ойналатын ұлттық ойындардың ерекшелігі туралы айтты.

Тәрбиеші Байжігіт Тұрсынай ұлттық ойындар балалардың саусақ моторикасын дамытып қана қоймай, логикалық танымын кеңейтетіндігі туралы айтты.

Әдістемелік кеңес қаулы етеді:

1.2024-2025 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру және жалпыға міндетті білім беру стандарттарына және әдістемелік нұсқаулыққа сүйене отырып жұмыс жүргізілсін.

2. «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебін» құру.

3.Осы жұмыстардың жүргізілуі әдіскер Сұлтамурат Гүлшатқа жүктелсін.

Төрайымы: Машенбаева А.Қ

Хатшы:

Сиф

Сұлтамурат Г.Р



ЖШС «Аида» балабақшасында 12.12.2024 ж.күні кезекті әдістемелік кеңес өтілді.

Балабақша меңгерушісі: Машенбаева Алия Қуатбайқызы
Тәрбиешілер:Медбике: Нағашыбай Лаура Серікбайқызы

Тақырыбы:Ата-аналарға кеңес беру: «Ұлттық құндылықтарды іске асыру»

Мақсаты: ата-аналарға ұлттық құндылықтар жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізу..

Талқылау сұрақтары: 1. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспары:

1. «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»
2. «Өнегелі 15 минут»
3. «Үнемдеу, табиғи ресурстарға ұқыпты қарау»
4. «Күй күмбірі»
5. «Менің Қазақстаным»
6. «Апта дәйексөзі»
7. «Қауіпсіздік ережелері»

Әдіскер Сұлтамурат Гүлшат ұлттық құндылықтарды іске асыру туралы айта келе, балабақша мен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайту, тәрбиелеу жұмысын бірізділікке қою. «Даналық мектебі» жұмысын жандандыру.

Тәрбиеші Оспан Райхан «Өнегелі 15 минут» туралы өз ойын айтты.

Тәрбиеші Арыкбаева Анар «Үнемдеу, табиғи ресурстарға ұқыпты қарау» туралы өз ойымен бөлісті..

Әдістемелік кеңес қаулы етеді:

- 1.Ата-аналармен тығыз байланыста болу, тәрбиешілермен бірлесе жұмыс жасап, «Даналық мектебін» жандандыру.
- 2.Осы жұмыстардың жүргізілуі әдіскер Сұлтамурат Гүлшатқа жүктелсін.

Төрайымы:

Машенбаева А.К

Хатшы:

Сиф

Сұлтамурат Г.Р



№3 Әдістемелік бірлестіктің отырысы

ЖШС «Аида» балабақшасында 24.02.2024 ж. күні кезекті әдістемелік бірлестіктің отырысы өтілді.

Қатысқандар: 7

Қатыспағандар: 0

Балабақша меңгерушісі: Машенбаева Алия Куатбайқызы

Күн тәртібінде

Тақырыбы: Коммуникативтік дағды бойынша ересек топта сөздік ойындар ұйымдастыру

«Еркемай» ересек тобының тәрбиешісі Арыкбаева Анар коммуникативтік дағды бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет көрсетті.

Тақырыбы: «Ұлттық мұра – қазынам»

Мақсаты: Балаларды халық мәдениетіне үйрету, қазақ халқының ою-өрнектері мен халықтық әдет-ғұрыптарын тереңірек ашу және дамыту, балалардың бойына сіңіру.

Тәрбиеші ұйымдастырған іс-әрекетін шаттық шеңберінен бастап, балаларға тақпақтар айтқызды. Содан соң оюлардың түрлерін көгілдір экраннан тамашалатты.

Тіл ұстарту жаттығулары жасалды. Қол моторикасын дамыта отырып, топтық, үстел үсті ойындарын ойнатты. Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында тәрбиеші өз мақсатына жете білді.

Тәрбиеші Байжігіт Тұрсынай өз пікірін білдірді. Бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекет барысы өте қызықты болғандығын айтты.

Әдістемелік кеңес қаулы етеді:

Тәрбиеші Арыкбаева Анардың ұйымдастырылған іс-әрекеті өз дәрежесінде жақсы өтілді., «өте жақсы» деп бағалансын.

Төрайымы:

Машенбаева А.К.

Хатшы:

Сұлтамурат Г.Р.



№4 Әдістемелік бірлестіктің отырысы

ЖШС «Аида» балабақшасында 23.05.2025 ж.күні кезекті әдістемелік бірлестіктің отырысы өтілді.

Қатысқандар: 7

Қатыспағандар: 0

Балабақша меңгерушісі: Машенбаева А.К

Күн тәртібі

1. Әдістемелік бірлестік жұмысының қорытындысы.
2. Педгогтердің өз білімін жетілдіру бойынша есебі.
3. Жаңа 2025-2026 оқу жылының міндеттерін анықтау.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Машенбаева А.К

әдістемелік кеңесті қадағалап, күн тәртібімен таныстырды.

Бірінші мәселе бойынша әдіскер Арзахметова Маншук 2024-2025 оқу жылының жүргізілген жұмыстары бойынша сөз сөйледі. Онда барлық топтардың құжаттары тексеріліп өткізілгені туралы және ол құжаттар арнайы сарапталып тапсырылатынын айтты.

Екінші мәселе бойынша педагогтер өз білімін жетілдіру бойынша түрлі курстарға, түрлі сайыстарға қатысты.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиешілерге алдағы 2025-2026 оқу жылында ауыстыратын топтарына жөндеу жұмыстарын жасау ұсынысын тастады. Тәрбиешілер бір ауыздан келісті.

Әдістемелік кеңес қаулы етеді:

1. Барлық құжаттар әдіскерге тапсырылсын.
2. Педагогтер өз білімін жетілдіру бойынша курстарға қатыссын.
3. Алдағы уақытта жаңа 2025-2026 оқу жылының жоспары, міндеттері құрылсын. .

Төрайымы: Машенбаева А.К

Хатшы:



Хаттама №4

ЖШС«Аида» балабақшасында 26.03.2025 ж.күні кезекті әдістемелік кеңес өтілді.

Қатысқандар: 7

Қатыспағандар: 0

Балабақша меңгерушісі: Машенбаева А.К

Тәрбиешілер:

Медбике: Нағашыбай Л.С

Тақырыбы:Педагогикалық отырыстар: «МДҰ педагогтерге «әдеп» туралы»

Мақсаты: Педагогтерге «әдеп» жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

Әдіскер Арзахметова М.Б педагогикалық әдеп жөнінде айта келе, әдептілік - педагогтың мінез-құлығындағы ерекшелікке айналу керек.«Педагогика теориясын қаншама жетік білгенмен, педагогикалық әдептің қыр – сырын меңгермейінше, педагог ұстаздық шеберлікке қолы жетпейді».К.Д.Ушинский.

Педагогтың бойында болу керек қасиеттер:

Мейірімділік

Балаларға деген шынайы махаббат

Эмоционалдық байсалдылық

Әділдік

Балаларға деген зейін

Қайырымдылық

Сергектік

Өмірді сүйгіштік

Тіл табыса білу, бәрімен араласа білу

Жігер

Педагогтың бойында болмау керек қасиеттер:

Дөрекілік

Баланы жеке тұлға ретінде қабылдамау, сыйламау

Әділетсіздік

Өзін-өзі ұстай білмеу

Әдепсіздік

Балаларға немқұрайлы қарау

Өзінің жұмысына немқұрайлы қарау

Педагогикалық этикада педагогтің адамгершілік қасиеттері қоғамдық құндылыққа айналады, бұл қасиеттерсіз педагогтің басқа да кәсіби қасиеттері мен икемділіктердің құндылықтары жойылады. Зияткерлік және психологиялық қасиеттермен бірге жауапкершілік, абырой, әділеттілік, шынайылық, ар-ұят, қарапайымдылық сияқты қасиеттер педагогикалық беделдің негізгі құрауыштары болып табылады. Педагогикалық техника педагог іс-әрекетінің ішкі мазмұны мен сыртқы көрінісінің үйлесімді бірігуіне ықпал жасайды:

Педагогтың киімі эстетикалық жағынан әсерлі, әдемі, жарасымды болу керек;
Педагогтың шаш үлгісі де, киген киімі де, таққан әшекейлері де балаға ықпал ету мақсатында тандалу керек;
Педагогтың жүзі жайдарлы, қозғалыстары жинақы болғаны дұрыс. Педагог өзіне-өзі сенімді болуы керек.

Тәрбиеші Сүлеймен Г.Қ педагогикалық «әдеп» туралы өз ойын айтты.

Тәрбиеші Оспан Р.Б педагог дұрыс және мәнерлі сөйлеу білу керек, ең алдымен біз осыған мән беруіміз керек деп өз ойымен бөлісті.

Әдістемелік кеңес қаулы етеді:

1. Тәрбиешілердің дұрыс және мәнерлі сөйлеу білуі, киімі, шаш үлгісі барлығы «әдеп» нормасына сай болу керек және осыған жұмыс жасалуы керек.
2. Осы жұмыстардың жүргізілуі әдіскер Арзахметова Маншукке жүктелсін.

Төрайымы: Машенбаева А.К.

Хатшы:

Арзахметова М.Б.

